
Тақырыбы: Зайырлы және
діни мемлекет

Жоспары

1 Зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы түсініктерінің арақатынасы

2 Зайырлы мемлекет ұғымы

3 Діни мемлекет ұғымы




Толеранттылық – әлеуметтік, кластық, діни, этникалық және басқа да ерекшеліктеріне байланысты адамдарды бөлмей, барлық адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін қадағалау және сыйлау.



- Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.
- Еліміздің зайырлылығы мемлекеттік билік органдарының діни наным-сенімге көзқарасын айқындайды. Зайырлы мемлекетте мемлекеттік билік дін және діни бірлестіктерден бөлінген. Мемлекет дін ісіне, ал дін және діни бірлестіктер мемлекет ісі мен саясатқа араласпайды. Діннің зайырлы мемлекеттегі көрінісі Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында айқын көрсетілген. Бұл Заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі баяндалады. Бұған қоса, аталған Заңда діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең екендігі, ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейтіндігі мәлімделген.



- Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе теократиялық үлгілерінің қайсысы дұрыс екендігі жайлы пікірталас туындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Оған азаматтарымыздың өз діни нанымдары себебінен Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#) мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығының жоқтығы дәлел. Зайырлы мемлекетте азаматтық құқық пен заң алдындағы теңдік маңызға ие. Өйткені, бүгінгі таңда елімізде теріс пиғылды діни топтардың (әсіресе ислами теріс пиғылды топтар) теократиялық немесе клерикалды мемлекет құруға деген талпынысы зайырлылықпен тығыз байланыстағы құқықтық мәселелеріне, адамсүйгіштікке нұқсан келтіруі мүмкін.



- Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді жоққа шығару болып табылмайды. Зайырлылық адамның діни сенімге бостандығын мойындап, діндарлықты адам болмысына тән сипат ретінде айқындайды. Бүгінгі еліміздегі зайырлылық адами құндылықтарды басты орынға қоюдан, ар-ұжданы мен сенім бостандығын еркін ұстануды заң тұрғысынан қарастыруынан көрінеді. Зайырлы мемлекет діни таным құндылықтарын мойындап, мемлекетке зияны тимейтіндей қалыпта діни сенімнен адам болмысына жағымды әсерлерді алуға шақырады. Зайырлылық діндегі – мемлекет тарапынан дінді адамзаттың асылы құндылығы ретінде мойындауға, оның қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлімен есептесуге тіреледі. Зайырлылық – азаматтарымыздың таңдау еркіндігі мен рухани ізденістің көптүрлілігін мойындау, ой-сананың сан салалы ізденіске бағытталғандығы мен діни тәжірбиенің деңгейлеріне назар салу. Дүниетанымның көптүрлілігі зайырлы мемлекетте құқық негізінде ретке келтіріліп отырады.
- Зайырлы мемлекетте азаматтың дінде қатыстылығын мемлекет тарапынан басқару болмайды және бала тәрбиелеу барысында ата-аналар өзінің діни наным-сеніміне байланысты баланы оның құқықтарын ескере отыра тәрбиелеуі құпталады. Мемлекет басқару органдарының, өзге де мемлекеттік ұйымдардың және жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің құзыретін діни бірлестіктерге артпайды және діни бірлестіктің қызметіне мемлекет заңдарына қайшы келмеген жағдайда араласпайды.

- Мемлекет діни бірлестіктермен зайырлы мемлекеттегіден өзге қарым-қатынаста да болуы мүмкін. Бұл жоғарыда ескеріліп өткен теократиялық және клерикалды мемлекет үлгілері. Тарихтан мемлекеттік биліктің діннің, дін қызметкерлерінің қолында болғандығы және мемлекеттік биліктің осы дін догмаларына сәйкес құрылғандығы белгілі. Біз бұл билік түрін теократиялық билік (грек. theos – құдай және kratos – билік) деп атаймыз. Жаңа тарихта теократиялық билік үлгісіндегі елдер XX ғасырдың бірінші жартысына дейін Монголия мен Тибетте болды. Бүгінгі таңда құбылыс ретінде теократиялық мемлекет Рим Папасы билік ететін Ватикан мен Ислам құқығын басшылыққа алатын бірер араб мемлекеттері болып отыр. Теократиялық мемлекетте адам құқығы Құдайға бағытталған қызмет негізінде «қызмет ету» құқығына сәйкес келсе, зайырлы мемлекетте адамның құқығы оның дінге сену немесе сенбеу дәрежесінен тәуелсіз болады. Теократиялық мемлекет дегенде бірақ клерикалды мемлекетті қарастырмаймыз. Өйткені, теократиялық мемлекетте мемлекеттік билік діннің немесе діни бірлестіктің қолында болса, клерикалды мемлекетте дін мемлекетпен бірікпеген, бірақ мемлекеттің кейбір құзыретіне, әлеуметтік, саяси өмірге әсер етіп, сот және білім беру салаларында маңызға ие. Бұндай мемлекеттің мысалы ретінде Иранды қарастыруға болады.



- Жалпы батыстын көптеген мемлекеттерінде зайырлылық дін мен діни бірлестіктерді мемлекеттік институттар ретінде емес, әлеуметтік өмірдің институттары, қоғамдық ұйымдар және олардың бөлімдері ретінде қарастыру байқалады. Бұндай мемлекетте әртүрлі конфессиялар арасында теңдік орнап, заң шеңберінде діни бірлестіктер қызметіне еркіндік берілген. Зайырлы мемлекетте атқарушы билік азаматтардың діни бірлестікпен қарым-қатынасына араласпаса, діни бірлестіктер мемлекеттің істеріне, саясатқа, жергілікті өзін-өзі басқару салаларына араласпайды және мемлекеттің зайырлы кейпін мойындайды.
- Зайырлылық Қазақстан Республикасы аумағында құқықтық қағида негізінде қарастырылғанын ескердік. Енді мемлекеттің зайырлылығы жайлы айтқандарды өзге елдердің мысалында қарастырып көрелік. Мысал ретінде, Франция мемлекеті біздің еліміз секілді өзін айқын және нақты зайырлы мемлекет ретінде көрсетсе, Португалия мемлекеттік биліктің шіркеуден, діни бірлестіктерден бөлінгендігін айтады. Ал Италияда дін мен мемлекет өздеріне тиесілі салаларда тәуелсіз және тең құқылы, ал Испанияда ешбір дін мемлекеттік бола алмайды екен.

Әрине, зайырлы мемлекет таза күйінде ешбір дінді ресми мемлекеттік деңгейге көтермейді және міндетті дін ретінде қарастырмайды. Бірақ кейбір демократиялық мемлекеттерде ресми түрде кейбір діндердің мемлекет тарапынан қоғамға және кейбір мемлекеттік құрылымдарға әсеріне байланысты маңызды орны жайлы айтылады. Бұны біздің еліміздің мысалында да қарастыруға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы жазылған. Бірақ, еліміз ханафи бағытындағы ислам мен православиенің маңызды орнын көрсете отыра өзінің зайырлы сипатынан айырылып отырған жоқ.

- Қазақстан Республикасы зайырлылық тұрғысынан да, құқықтық тұрғыдан да жетілген мемлекет. Елімізде діни білім беру ұйымдарынан өзге білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа ие. Бұған қоса, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге тыйым салынған. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтарымыз діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы екендігі баяндалған.

- Қазақстан Республикасының заңнамаларында зайырлы мемлекет қағидаттары мен діни сенім бостандығы құқығы арасындағы байланыстар айқын көрсетілген. Зайырлылық және құқықтық-демократиялық мемлекет қағидаттарынан айнымаған елімізде азаматтардың діни сенімге бостандығы барлығының Заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары елімізді демократияландыру, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар өз жалғасын тауып келеді. Осының арқасында бірлігі жарасқан еліміз жүздеген ұлттар мен ұлыстырдың тату-тәтті өмір кешіп жатқан мекеніне айналып отыр.